

**8D023 – Тілдер мен әдебиет (6D020500 / 8D02301 – Филология / 6D021400 / 8D02308 – Әдебиеттану) бағыты бойынша құрылған Диссертациялық кеңеске Сыздықов Серикбол Кусаиновичтің (6D021400 / 8D02308 – Әдебиеттану) мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Сыздықов Серикбол Кусаиновичтің 6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді.  Зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді: 1. Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы). 2. ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж.), «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» (2020 ж.) атты Қазақстан халқына Жолдаулары, Мемлекет басшысының 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласы. 3. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021–2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттары.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыста А.Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі жан-жақты зерттелгендіктен, ғылымға елеулі үлес болып қосылады. Біріншіден, тақырыпты ашу үшін қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың

			<p>көрінісінің зерттелуінен бастап сөз еткен. Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Марғұлан, Е.Тұрсынов, С.Қондыбай, С.Қасқабасов, К.Матыжанов т.б. сияқты ғалымдардың еңбектеріне баса назар аударған.</p> <p>Екіншіден, қазақ әдебиетіндегі ұлттық-этнографиялық құндылықтар А.Құнанбайұлы, Ы.Алтынсарин, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Б.Момышұлы, Ә.Нұрпейісов, Ә.Көшімов, І.Есенберлин т.б. жазушылардың шығармаларымен жинақталып тұжырымдалған.</p> <p>Үшіншіден, А.Сейдімбектің әңгімелері мен повестеріндегі ұлттық-этнографиялық құндылықтардың табиғаты ашылып, көркемдік қызметі көрсетілген. А.Сейдімбек шығармаларындағы этнографизмдердің өзіндік ерекшеліктері анықталған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Диссертанттың жазу стилі қалыптасқан, өзіндік айтары бар. Біріншіден, диссертациядағы баяндаулар, ойлар, пікірлер, талдаулар, ой-түйіндер, қорытындылардан диссертанттың жеке қолтаңбасы анық байқалады. Екіншіден, теориялық негіздеулер жеткілікті. Үшіншіден, әр бөлімді түйін сөзбен аяқтап отыруы – ізденушінің ғылымға дайындықпен келгенінің көрсеткіші. Диссертациялық жұмыс таза ғылыми стильде жазылғандықтан, оның деңгейін жоғары дәрежеде бағалауға толық негіз бар.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертацияда ішкі бірлік принципі сақталған. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі дау туғызбайды. А.Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерделеніп отырғандығының өзі тақырыптың қаншалықты өзекті екенін көрсетеді.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	<p>Диссертация мазмұны кіріспе, негізгі екі бөлім, әр бөлім 3 параграфтан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық негізде айқындайды.</p>
		4.3. Мақсаты мен	А.Сейдімбек шығармаларындағы

		<p>міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>этнографизмдердің табиғатын танытып, олардың поэтикалық қызметін анықтауы орынды. Осы негізде диссертанттың алдына қойған мақсат-міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Бірінші бөлімде көркем-әдеби шығармашылық үдеріс және ұлттық-этнографиялық құндылықтар, екінші бөлімде Акселеу Сейдімбектің прозалық шығармаларындағы этномәдени құндылықтардың көркемдік қызметі қарастырылғандықтан, бөлімдердің құрылысы мен ішкі логикасы толыққанды байланысқандығын көруге болады. Бөлімдер бірінен бірі туындап, бірін бірі толықтырып отырады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде автордың ұсынып отырған тұжырымдары өзіне дейінгі айтылған ғалымдардың пікірлерімен түйінделген. А.Сейдімбектің шығармаларындағы этнографизмдердің көрінісі қазақ прозасындағы ұлттық құндылықтардың көрініс табуымен салыстырыла бағаланған. Шығармадағы этнографиялық көріністердің ғылыми-теориялық, әдіснамалық, философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін анықтауда сыни талдау бар. Диссертанттың өзіне дейін айтылған, жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өз пайымдауларын ұсынуда сыни талдауы анық көрінеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p><b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертанттың А.Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі бойынша ұсынған тұжырым, түйіндері толықтай жаңа. Жұмыста А.Сейдімбектің шығармаларындағы этнографизмдердің көркемдік қызметі, олардың ерекшеліктері, жазушының шеберлігі әдебиеттанулық зерттеулер аясында ұсынылған. А.Сейдімбек шығармаларындағы этнографиялық детальдардың көркемдік қызметі бойынша жасалған талдаулары мен қорғауға ұсынылған нәтижелер жаңашылдығымен ерекшеленеді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа</p>	<p>А.Сейдімбектің әңгімелері мен повестеріндегі этнографизмдердің</p>

		<p>болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)</p>	<p>көркемдік қызметінің өзіндік ерекшеліктері, жазушы шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың көрінісінің интерпретациясы, олардың философиялық, психологиялық негіздері толығымен жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың А.Сейдімбек шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың көркемдік қызметі бойынша ұсынған ғылыми-тәжірибелік негізі толықтай жаңа және экспериментпен негізделген. Диссертациялық жұмыста алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені енгізу актісі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған диссертациялық зерттеуінің қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген. Талдау нәтижелері негізінде ұсынылған қорытындылар мен түйіндер ғылыми тұрғыдан ауқымды мәселелерді шешуге бағытталған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:  7.1 Қағидат дәлелденді ме?  <b>1) дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді  7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  <b>2) жоқ</b>  7.3 Жаңа ма?  <b>1) ия;</b>  2) жоқ  7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  <b>3) кең</b>  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  <b>1) ия;</b>  2) жоқ</p>	<p>Диссертанттың талдау нәтижесінде ұсынып отырған тұжырымдар дәлелді. Атап айтар болсақ:  7.1 Жұмыста қағидаттар дәлелденген. Диссертацияда ұлттық-этнографиялық құндылықтардың қайнар бастаулары жүйелі түрде көрсетілген.  7.2 Жұмыста келтірілген қағидаттар қарапайым (тривиалды) емес. Әрбір ұсынылған тұжырым ғылыми түрде дәлелденген. Атап айтатын болсақ,   А.Құнанбайұлы, Б.Алтынсарин, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Б.Момышұлы, Ә.Нұрпейісов, Ә.Көшімов, І.Есенберлин, М.Мағауин, Ә.Кекілбайұлы, Т.Әлімқұлов, Т.Нұрмағамбетов т.б. жазушылардың шығармаларындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көрінісі дәлелді пікірлермен дәйектелді.  7.3 Ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады. Себебі, диссертацияда</p>

			<p>А.Сейдімбек прозасындағы ұлттық құндылықтардың көркемдік қызметі алғаш рет арнайы зерттеліп отыр. Жалпы, А.Сейдімбек шығармашылығы туралы жазылған мақалалар бар, алайда оның шығармашылығындағы этнографизмдерді зерттеу тың, жаңа болып саналады.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған (тұжырым-түйіндердің) қағидаттардың қолдану деңгейі жоғары. Диссертацияда ұлттық мінез, этнографизм, ұлттық құндылықтар сынды мәселелерді жан-жақты зерделеген ғалымдардың еңбектерімен ұштастырылып зерттелген.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 9 мақала жарияланған. Соның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала, Scopus халықаралық деректер базасына тіркелген журналдарда 2 мақала, халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференция материалдарында 2 мақала, отандық ғылыми басылымда 1 мақала жарық көрген. Біріншіден, Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналда жарияланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Traditional Hunting with the Golden Eagle and Its Reflection in Kazakh Literature. Mankind Quarterly, 2021, с. 273-287 (Satemirova D., Ibrayeva A., Tanzharikova A., Mukhatayeva M., Kenan Koch.) Докторанттың үлесі-75%;</li> <li>2. The scientific educational and national ethnographic nature of the writer's works. Orcion, 2019, 35, С.1075-1091 (Tanzharikova A., Kabatay, B., Serikova, S., Tleubekova B.) Докторанттың үлесі - 80%;</li> </ol> <p>Екіншіден, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақселеу Сейдімбектің «Бүркіт» этнографиялық әңгімесіндегі ұлттық характер. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы. №1 (59), «Филология ғылымдары» сериясы, 2017ж., 199-203 б. Докторанттың үлесі-100%;</li> <li>2. Ақселеу Сейдімбектің «Ақиық»</li> </ol>
--	--	--	---

			<p>хикаятындағы ұлттық характер. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы. №2 (64), «Филология ғылымдары» сериясы, 2018ж., 141-146 б. Докторанттың үлесі-100%;</p> <p>3. Жазушы прозасындағы тарихи - танымдық, этнографиялық сипат. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы. №3 (69), «Филология ғылымдары» сериясы, 2019 ж., 301-306 б. Докторанттың үлесі -100%;</p> <p>4. Ақселеу Сейдімбектің «Бір атым насыбай» атты хикаятындағы ұлттық этнографияның көріністері. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы. №1 (71), «Филология ғылымдары» сериясы, 2020 ж., 441- 445 б. Докторанттың үлесі -100% деген мақалаларда қорғауға ұсынылған қағидаттар ғылыми тұрғыда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертацияның кіріспе бөлімінде зерттеу әдіснамасы толық сипатталған. Зерттеуде автор салыстырмалы талдау, баяндау, тарихи-типологиялық, герменевтикалық әдістемелерін қолданға және тың тұжырымдар ұсынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелерінде ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған. Зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері салыстырмалы-тарихи, жинақтау, объективті-аналитикалық және даралау, ой қорыту, жалпылау әдістері; экспериментті ұйымдастыру кезеңінде бақылау, сауалнама, әңгіме, диагностикалық әдістер; зерттеу нәтижелерін қорытындылау барысында аналитикалық әдістер: талдау, қорыту мен ақпаратты өңдеу әдістері: эксперименттік мәліметтерді сапалық және сандық тұрғыда сараптау, жинақтау әдістерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар	Қорғауға ұсынылған тұжырымдар тәжірибелік (эксперименттік) зерттеулермен дәлелденіп расталған. Диссертант ғылыми тұжырымдарды

		және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	А.Сейдімбектің шығармаларын талдай отырып дәйектеген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған/ішінара расталған/расталмаған</b>	А.Сейдімбек прозасындағы ұлттық құндылықтардың көркемдік қызметі А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Ғабдолов, М.Дүйсенов, Р.Нұрғали, С.Қасқабасов, З.Ахметов, М.Ғабдуллин, Б.Майтанов, Ж.Дәдебаев, Д.Ысқақұлы, С.Негимов, М.Қараев, С. Асылбекұлы, Б. Әбдіғазизұлы сияқты зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне жасалған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толықтай жеткілікті. Жұмыстың тақырыбына байланысты қазақ, орыс тіліндегі негізгі, қосымша еңбектер қамтылған. Жұмыста зерттеу тақырыбы бойынша 145 әдебиеттің пайдаланылуы диссертанттың аталған тақырыпты зерттеуде көп еңбектенгенін көрсетеді. Осының өзі жұмыстың ғылыми аппараты толыққанды екендігін көрсетеді. Атап айтатын болсақ, А.Байтұрсынұлы, Ә.Марғұлан, Е.Тұрсынов, Ә.Қайдар, С.Қондыбай, С.Қасқабасов, К.Матыжанов, Т.Тоқтабай, Т.Есембеков, Г.Орда тәрізді зерттеушілердің еңбектерімен ұштастырыла зерттелген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. А.Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметін нақты мысалдар келтіре отырып талдауы құптарлық. Жазушы шығармаларындағы ұлттық-эстетикалық ұғымдардың жүйесін жасап, ондағы ұлттық болмыс пен мінездің көрінісін көркемдік тұрғыдан интерпретациялайды. Осы ойымызды А.Сейдімбектің «Табысу»,

			«Тауға біткен жалбыз», «Бүркіт», «Зерде» т.б. шығармаларға жасалған талдаулар растайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. С.К.Сыздықовтың «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» зерттеу жұмысының нәтижелерін университеттің міндетті және таңдаулы дәрістерінде, атап айтқанда, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы пәндерінде оқытуға негіз бар. Диссертация материалдары проза, әдебиет тарихы ұғымын қарастыратын пәнаралық зерттеулерге қатысты дәрістерде қолданылу мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеудің практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Сондықтан оны «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Әдебиеттануға кіріспе», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Қазіргі қазақ повестерін оқыту» пәндеріне альтернативті пән, арнаулы курс, арнаулы семинар жүргізуде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Тұтастай алғанда, диссертациялық жұмыстың сапасы «6D021400 – Әдебиеттану мамандығы» бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалатын зерттеудің талаптарына сәйкес келеді. Жұмыстың жазу және ресімдеу сапасы, соның ішінде академиялық жазу сапасын жоғары деп бағалауға болады. Себебі, бұл – бас-аяғы толық, алдына қойған мақсат-міндеттерін тәжірибе жүзінде түгелдей жүзеге асырған жұмыс.

Диссертациялық жұмыстың осындай жетістіктерімен бірге, кемшін тұстарын жетілдіру мақсатында айтылатын ұсыныстар бар. Атап айтар болсақ:

1. Жұмыста орфографиялық және пунктуациялық қателер кездеседі. Дефис пен сызықшаны бірінің орына бірін қолдану, біріккен сөздерді бөлек жазу, үтірдің түсіп қалуы сынды қателер бар. Жұмысты тағы да корректорлық сүзгіден өткізген дұрыс.

2. Диссертацияда ғылыми-академиялық стильден гөрі көркем-публицистикалық стильге жақын сөйлемдер мен сөз тіркестері кездеседі. Сонымен қатар, диссертант А.Сейдімбектің шығармаларын талдай отырып өзі таңдай қағып, онысын экспрессивті-эмоциялық мән арқалаған сөйлемдермен беріп жібереді. Мысалы, «Осындағы «қобыз кеуде» тенеуі қандай асқақ» (68), «Қандай асқақ ой, құсқа деген биік құрмет!» (75), «Мәселен, осындағы «таулы өлкенің қияқты шалғыны», деу арқылы жер бедеріне қатысты өсімдіктер әлемін нақтылай суреттеуі қандай дәлдігімен ерекшеленеді десеңізші» (83-бет), «Ол уақытта өз дәуіріне сай таңдай қақтырарлық дамыған мәдениеті болған» (19-бет),



«қаршадай балдырған кейіпкер» (55-бет), «өзінің көңілін тамыршыдай дәл басып тұрғанына риза болады» (75) т.б.

Алайда, бұл айтылған ұсыныстар бас-аяғы тұтас, алдына қойған мақсатына жеткен жұмысқа кедергі бола алмайды, сондықтан оны қолдауға толық негіз бар.

**Шешім:** 8D023 – Тілдер мен әдебиет (6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) бағыты бойынша қорғауға ұсынылған Сыздықов Серікбол Құсайынұлының (6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент,  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және  
өнер институтының жетекші  
ғылыми қызметкері, PhD



Худайбергенов Н. Д.

10» қыркүйек, 2023 ж.